

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен белгіленген лауазымдар санаттарына мемлекеттік қызметшілердің жекелеген лауазымдарын жатқызу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 14 қыркүйек N 3117. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.29. N 318 жарлығымен. ~U990318

Қ а у л ы е т е м і н :

1. "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2730 U952730_ Заң күші бар Жарлығының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының мынадай санаттарына төменде аталған лауазымдар жатқызылсын:

1) жоғары санатқа - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі төрағаларының;

2) бірінші санатқа - Қазақстан Республикасы Президентінің Бірінші көмекшісінің; Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комиссиясының аппараты басшысының - төрағасының бірінші орынбасарының; Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесі мүшелерінің лауазымдары;

3) екінші санатқа - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мүшелерінің; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының көмекшілері мен кеңесшілерінің; Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві директорының; Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комиссиясының бөлім меңгерушілерінің лауазымдары;

4) үшінші санатқа - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі Хатшысының көмекшілері мен кеңесшілерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңес төрағасы орынбасарының; облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасы әкімдерінің аппараттары басшыларының; Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің директоры орынбасарының; Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комиссиясы Төрағасының бірінші орынбасары

кеңесшісінің, бөлім меңгерушілері орынбасарларының, сектор меңгерушілерінің лауазымдары;

5) төртінші санатқа - министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың департаменттері, агенттіктері, комитеттері, басқармалары құрамындағы бөлімдер бастықтарының; Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынысты және есепті мемлекеттік органдардың бөлім бастықтары орынбасарларының, сектор меңгерушілерінің; Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік комиссиясының бас және аға сарапшыларының, консультанттарының, сарапшыларының, аға референттерінің, референттерінің лауазымдары;

6) бесінші санатқа - Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есепті мемлекеттік органдардың департаменттері, агенттіктері, комитеттері, басқармалары құрамындағы бөлімдер бастықтары орынбасарларының; аға референттерінің, референттерінің, министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, сондай-ақ Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың сектор меңгерушілерінің;

7) алтыншы санатқа - аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттары басшыларының; ауыл, село, поселке, селолық округтер әкімдерінің; министрліктер мен мемлекеттік комитеттердің, сондай-ақ үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың аға мамандарының, мамандарының; аудандық, облыстық бағыныстағы қалалық, қалалардағы аудандық жергілікті атқарушы органдардың бөлім бастықтарының, бөлім бастықтары орынбасарларының; департаменттердің, агенттіктердің, комитеттердің, басқармалардың сектор меңгерушілерінің,

консультанттарының, аға референттерінің, референттерінің, жетекші және аға мамандарының лауазымдары.

ЕСКЕРТУ. 1-тармағына 1), 2), 3), 6), 7)-тармақшаларына өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1997.07.01. N 3575 жарлығымен.

U973575_

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК